

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2021ж.09.07. № 06-3-03/761

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаты
А.С. Құспанға**

*10.06.2021ж. № 6-11-547/2730/ДЗ-184
депутаттық сауалға*

Құрметті Айгүл Сайфоллақызы!

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) азаматтардың кредиттерді, қарыздарды және микрокредиттерді (бұдан әрі – кредиттер) алуға «ерікті түрде тыйым салу» құқығын іске асыруы бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа қатысты Сіздің сауалыңызды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Кредиттерді алуға «ерікті түрде тыйым салуды» іске асырудың тетігін жан-жақты қарау және айқындау мақсатында Агенттік мүдделі мемлекеттік органдар – әділет, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, ұлттық экономика министрліктерінің, Бас прокуратураның, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-тың және Ұлттық Банктің, сондай-ақ «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ-ның ұсыныстарын сұратқан болатын.

Мемлекеттік органдар мен қаржы нарығына қатысушылармен жүргізілген талқылауларды ескере отырып, кредиттерді алуға «ерікті түрде тыйым салуды» іске асыру тетіктерінің бірі ретінде «электрондық Үкіметтің» порталы қарастырылуы мүмкін.

Ол үшін «электрондық Үкімет» порталындағы жеке кабинет функционалы шеңберінде азаматтарға банктерде және микроқаржы ұйымдарында (бұдан әрі – МКҰ) кредиттерді алуға «ерікті түрде тыйым салуды» белгілеуге мүмкіндік берілуі мүмкін. Кредиттерді алуға аталған тыйым салу мерзімсіз, яғни өтініш беруші оны алған сәтке дейін қолданыла алады.

Бұдан әрі, «ерікті түрде тыйым салуды» белгілеу туралы мәліметтер «электрондық Үкімет» жүйесінен қарыз алушылардың кредиттік тарихтарында көрсету үшін мемлекеттік және жеке кредиттік бюроларға берілуі мүмкін. Бұл банктерге және МҚҰ-ға кредитті алуға өтінімді әр қараған сайын мемлекеттік және жеке кредиттік бюролардан тыйым салудың бар екендігі туралы мәліметтер алуға және ол белгілі болған жағдайда өтініш берушілерге жаңа банктік қарыз немесе микрокредит беруден бас тартуға мүмкіндік береді.

Кредит алуға тыйым салуды азаматтар «электрондық Үкімет» порталына тиісті өтінішті қайта беру арқылы жүзеге асырады.

Сіздің кредит алуға «ерікті түрде тыйым салуды» енгізу жөніндегі ұсынысыңызды бірлесіп қарау шеңберінде қаржы нарығына қатысушылар баламалы тетіктерді ұсынды.

Сонымен бірге, кредит алуға «ерікті түрде тыйым салудың» кез келген нұсқасын жүзеге асырған кезде операциялық және техникалық тәуекелдер туындауы мүмкін, оларды барынша азайту үшін неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу мен талдау талап етіледі.

Осыған байланысты, Агенттік мүдделі мемлекеттік органдармен және қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп Сіздің бастамаңызды енгізу тетіктерін талқылау бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Ақпарат тәртібімен хабарланып отыр.

Төраға

М. Әбілқасымова

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

09.07.2021г. № 06-3-03/761

**Депутату Фракции
партии «Nur Otan»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Куспан А.С.**

*На депутатский запрос от
10.06.2021г.
№ 6-11-547/2730/ДЗ-184*

Уважаемая Айгуль Сайфоллаевна!

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство), рассмотрев Ваш запрос касательно проводимой работы по реализации гражданами права на «добровольный запрет» на получение кредитов, займов и микрокредитов (далее – кредиты), сообщает следующее.

В целях всестороннего рассмотрения и определения механизма реализации «добровольного запрета» на получение кредитов, Агентством были запрошены предложения заинтересованных государственных органов - министерства юстиции, цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, национальной экономики, Генеральной прокуратуры, НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» и Национального Банка, а также ОЮЛ «Ассоциация финансистов Казахстана».

С учетом проведенных обсуждений с государственными органами и участниками финансового рынка одним из механизмов реализации «добровольного запрета» на получение кредитов может быть рассмотрен портал «электронного Правительства».

Для этого, в рамках функционала личного кабинета портала «электронного Правительства» гражданам может быть предоставлена возможность на установление «добровольного запрета» на получение кредитов

в банках и микрофинансовых организациях (далее – МФО). Данный запрет на получение кредитов может действовать бессрочно, т.е. до момента его снятия заявителем.

В дальнейшем, сведения об установлении «добровольного запрета» из системы «электронного Правительства» могут быть переданы в государственное и частное кредитные бюро для отражения в кредитных историях заемщиков. Это позволит банкам и МФО при каждом рассмотрении заявки на получение кредита получать из государственного и частного кредитных бюро сведения о наличии запрета и в случае его установления отказывать заявителем в выдаче нового банковского займа или микрокредита.

Снятие запрета на получение кредита может осуществляться гражданами путем повторной подачи соответствующего заявления на портал «электронного Правительства».

В рамках совместного рассмотрения Вашего предложения по введению «добровольного запрета» на получение кредита участниками финансового рынка были предложены альтернативные механизмы.

Вместе с тем, при осуществлении любого из вариантов «добровольного запрета» на получение кредита могут возникать операционные и технические риски, для минимизации которых требуется более детальное их изучение и анализ.

В этой связи, Агентством совместно с заинтересованными государственными органами и участниками финансового рынка будет продолжена работа по обсуждению механизмов внедрения Вашей инициативы.

Сообщается в порядке информации.

Председатель

М. Абылкасымова